

№39 «Достық» балабақшасы

**«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесіне оқытудың
жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу»**

Тәрбиеші: Намазбаева Г.А.

«Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесіне оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу»

Мақсаты: Білім беру үрдісінде мұғалімдердің креативтіліктерін, сыни ойлауды, коммуникативтіліктерін және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту арқылы 4К моделі бойынша жұмыс істеуге, кәсіби қабілеттерін жетілдіру.

Көрнекілік құралдар: интерактивті тақта, доп, ватман, түрлі - түсті қарындаштар, фломастерлер, шарлар

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп айтқан ұлы Абай Құнанбаев атамыз. Шынымен де, өскелең ұрпақты, ұлт пен ел болашағын тәрбиелеу, мұғалім кәсібін тандап, оны шын жүрекпен, бар болмысыңмен сүю әрбір адамның қолына келе бермейтін игі іс. Сондықтан да, таңдаған мамандық жолынан ешқашан таймаңыздар, әрбір қиыншылықтарды абыроймен жеңіп шығуларыңызды тілеймін.

№1 жаттығу. «Бала»

Әр қатысушы түсінік береді: «Бала дегеніміз – ол...».

№2 жаттығу. «Өзіндік таңдау»

Қатысушылар орындарына жайғасып, бір - бірден берілген сөйлемдерді өз ойынша аяқтайды.

1. Менің ойымша мен...
2. Өзгелер мені...
3. Мен келешекте...

№3 жаттығу. «Жасырын хат, ойлан тап!»

Қажетті құралдар: ватман, түрлі түсті фломастерлер, қарындаштар, өшіргіш, сызғыш

Уақыты: 20 минут

Барысы: Қатысушылар 3 топқа бөлініп отырады.

Жүргізуші: Ерте - ерте - ертеде... әлі адамдардар әріп танымаған уақытта да, олар

бір - біріне хат жазған екен. Қалайша? Олар сурет салуды біліпті. Бүгін біз соны үйренеміз. Өз қарсыластарыңызға сурет арқылы қысқаша ғана ойларыңызды жеткізіңіздер. Әр бір топқа белгілі бір сөйлемдер беріледі:

«Бүгін маған сағат кешкі 6 - да телефон соқшы» - 1 - ші топқа арналған хат;
«Бүгін жұмыстан кейін кинотеатрға барайық» - 2 - ші топқа арналған хат;
«Жексенбі күні сағат 15. 00 - де менің туған күніме кел» - 3 - ші топқа арналған хат.

Мұғалімдер өздеріне берілген тапсырманы ватманға сурет арқылы салып, өзара алмасады. Келесі топтың мұғалімдері, суретте берілген сөздерді анықтаулары қажет.

№4 жаттығу. «Түрлі түсті шарлар» - аяқталмаған сөздер.

Қатысушылар шеңберге тұрып, нұсқаулықты тыңдайды: «Бір - екі айдың ішінде егер де Сізді қуантқан нәрселер көбірек болса, жасыл шарды алып «Жұмыста соңғы кезде мені қуантқан...» деген сөйлемді аяқтау керек, ал егерде ренжіген сәттеріңіз басым болса, «Жұмыста соңғы кезде мені ренжіткен...» қызыл шарды алып осы сөйлемді аяқтау керек.

Рефлексия:

Не ұнады? Ойынның қай жаттығулары өздеріңіз үшін пайдалы деп таптыңыздар? Бүгінгі 4К моделі бойынша өз ойын, алған әсерін 3 сөзбен ғана білдіреді, тілектерін айтады.